1) 03.09.2021
https://zanmedia.kz/68720/almaty-oblysynda-%d2%9bajtarymsyz-grantty%d2%a3-k%d3%a9megimen-k%d3%99sibin-d%d3%a9%d2%a3geletip-otyr%d2%93andar-k%d3%a9p/

Бүгінде Алматы облысының тұрғындары шағын және орта бизнестің дамуына өзіндік үлестерін қосып келеді. Басым көпшілігі мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаудың арқасында өзінің хоббиін жеке кәсібіне айналдырып үлгерді. Облыс бойынша «Еңбек» бағдарламасы бойынша мыңнан аса бизнес жоба қайтарымсыз грант немесе жеңілдетілген несие иегері атанған.

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы халықты нәтижелі жұмыспен қамтуға жәрдемдесуге және азаматтарды кәсіпкерлікке тартуға бағытталған. Мемлекеттік бағдарлама еңбек нарығының қажеттілігін ескере отырып, техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлау, қысқа мерзімді кәсіптік оқыту, еңбек ресурстарын қайта даярлау, «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту, ауылдық елді мекендерде шағын кредит беруді кеңейту, жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беру, еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру сияқты бірқатар міндеттерді қамтиды.

«Еңбек» мемлекеттік бағдарламасына қатысушылардың көбі – жұмыссыз жастар. Өткен жылы 211 мың жұмыссыз жас осы бағдарламаға қатысты. Олар барлық қатысушының үштен бірінен көбін құрайды (32%). Қатысушылардың 43 пайызы

әйелдер. Барлығы 437 мың аам, оның ішінде 319 мың адам немесе 73% тұрақты жұмыспен қамтылды. 210 мың адам субсидияланған жұмыспен қамтылды.

Солардың бірі Қарасай ауданының тұрғыны Ғалия Қожамбергенова да Мемлекеттік бағдарлама аясында қайтарымсыз несие алып, өзінің тігін цехын ашқан. Мамандығы бойынша инженер-құрылысшы болса да тігін ісіне қызығушылық танытып, бүгінде сүйікті ісі кәсібіне айналып отыр.

Бұл туралы кәсіпкер: «Мен 21 күн онлайн түрде кәсіп ашып, дөңлетуді оқып-үйрендім. Содан кейін өзімнің бизнес жобамды ұсынып, сертификат ұтып алдым. Аудандық жұмыспен қамту орталығы арқылы оқуға қатысып, жобамды қорғап, «Еңбек» бағдарламасы аясына 583 мың теңге көлемінде қайтарымсыз несие алдым. Мемлект тарапынан көрсетілген қолдаудың нәтижесінде жеке цех аштым. Қазіргі уақытта толыққанды жұмыс істеп тұр. Біздің цех арнайы киімдерді тігуге бағытталған. Алматы, Семей, Өскемен қалаларынан түскен тапсырыстарды орындап, жөнелттік», – дейді.

Кәсіпкердің айтуынша, грант бойынша берілген қаражатқа мамандандырылған тігін машинасы және қажетті құрал-жабдықтар, маталар сатып алынды. Қаскелең қаласындағы бизнес орталықтардың бірінде цех ашуға жарайтын ғимарат жалдаған. Бүгінгі күні үш адамды жұмыспен қамтып отыр. Тапсырыстар жергілікті тұрғындардан ғана емес, басқа да қалалардан түсуде.

Кәсіпкерлер Палатасы Қарасай аудандық филиалы директоры Орынбай Жанәділдің берген мәліметіне сүйенсек, биылғы жылы Қарасай ауданында «Бастау Бизнес» жобасы бойынша 484 аудан тұрғыны оқып, оның ішінен 70 бизнес-жоба қаржыландырылған. Ал Аудандық кәсіпкерлік бөлімінің мәліметінше, «Бастау Бизнес» жобасы бойынша биылғы жылы 350 адам оқуға ниет етіп, оның 280-і кәсіпкерліктің қыр-сырын үйренуді бастаған. Микро несиені 80 тұрғынға беру жоспарланса, оның 60-ы 235,8 млн. теңге микронесие алған. Тағы 115 тұрғын мемлекеттік грант иесі атанып, оның 85-і жобасын қорғап, 50 млн. теңге көлемінде қаражат бөлінген.

Айта кетерлігі, Алматы облысында жыл басынан бері Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту мемлекеттік «Еңбек» бағдарламасы аясында 2895 жұмыссыз жас «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздерін оқыды. Өткен және биылғы жылдың курс тыңдаушыларын қоса алғанда, 1050 бизнес-жоба грантпен қаржыландырылып, жеңілдетілген несие алды.

Шындығында, жастарды қолдау – ел дамуына қосқан инвестиция. Бүгінде мемлекеттің басты бағыттарының бірі жастарды Қазақстанның бәсекеге қабілетті аса маңызды әлеуеті ретінде қалыптастыруға, ел жастарын табысты әлеуметтенуге, олардың тиімді дамуына жағдайлар мен мүмкіндіктер жасауға бағытталған.

2) 05.09.2021

https://zanmedia.kz/68798/almaty-oblysyny%d2%a3-eriktileri-igi-bastamalar%d2%93a-%d2%b1jyt%d2%9by-boluda/



Алматы облысында «Еріктілік қызметті дамыту, қоғамдық сананы жаңғырту шеңберінде жастарды рухани-адамгершілік және отбасылық құндылықтарға тарту. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру» бағытындағы жұмысы Жол картасына сәйкес жүзеге асырылуда. Аймақта өткен жылдан бастап еріктілер, белсенді жастар мен студенттердің жобаларын жүзеге асыру жөніндегі фронт-офис жұмыс атқаруда.

Атап өте кетсек, қазіргі уақытта облыста 7500-ға жуық ерікті және 96 еріктілер ұйымы тіркелген. Жыл басында өңірде 4012 ерікті мен 36 ұйым болғанын ескерсек, бұл бағыттағы жұмыстар жедел дамып, оң нәтиже беріп жатқанын байқаймыз.

Фронт-кеңсе қызметі волонтерлікті дамыту бекітілген 7 бағытқа атап айтқанда, білім, сабақтастық, саулық, таза әлем, асыл мұра, қамқор, үміт секілді тақырыптарға негізделген. Осы тақырыптарға сәйкес қазіргі таңда түрлі Алматы облысы мен оның әрбір аудандарында, шағын қалаларында іс-шаралар кешені өткізілуде.

«Қайырымды істер марафоны» жалпыұлттық жобасы аясында облыста 4000 акция өткізіліп, 622 млн. теңге көлемінде 16 000 отбасыға азық-түлік себеттері үлестіріліп, мұқтаж болған 89 отбасыға баспана және Маңғыстау облысындағы жағдайға байланысты көмекке 60 100 түп шөп табысталған. Жобаны жергілікті меценаттар, екі

Жоғарғы оқу орындары, 52 колледж, мемлекеттік мекемелер, қайырымдылық қорлары, автоволонтерлер және 96 еріктілер ұйымдары қолдаған.

Және жастардың бастамаларын қолдауға арналған мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс көлемі 2 есеге көбейтіліп, 2021 жылы бұл мақсатқа 76 млн. теңге бөлінген. Өткен жылы осы мақсатта 31 млн. теңге бөлінгенін ескерсек, ерікті жастарды қаржылық қолдау көлемі де айтарлықтай артып жатқанын байқаймыз.

Волонтерлік қозғалысты дамыту мақсатында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде «Мейірімді Жетісу» фронт-кеңсесінің қызметін ұйымдастыру және Алматы облысында жас еріктілер қозғалысын дамыту» жобасы жүзеге асырылуда. Аталған жоба аясында волонтерлік ұйымдардардың бастамаларын қолдау мақсатында волонтерліктің жеті бағыты бойынша жобалар конкурсы ұйымдастырылып, нәтижесінде 7 волонтерлік ұйым 300 000 теңгеден грантқа ие болғанын да атап өту керек. Әлі де болса жылдың соңына дейін мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында қосымша 3 жоба жүзеге асыру жоспарлануда.

Жалпы ағымдағы жылы Алматы облысында волонтерлікті дамытуға 30 млн. теңге қаржы жұмсау көзделуде. Алматы облысының 17 ауданы мен 3 қаласында халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру және мемлекеттік қызмет түрлерін тез және жылдам алу мақсатында «Egov – жаршысы» жобасы аясында облыс бойынша 470 волонтер оқытылып, аталған волонтерлер халық арасында ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргізуде. Сонымен қатар, шет тілін үйренемін деген азаматтарға волонтерлер шет ел азаматтарын тарта отырып «Speaking club» тіл оқыту курстарын тегін ұйымдастыруда. Яғни еріктілер жұмысы түрлі саланы қамтуда.

Төтенше жағдай кезінде де облыс еріктілері мұқтаж жандарға жедел көмек көрсетіп, жоғары азаматтық ұстаным танытты.

«Мейірімді Жетісу» фронт-кеңсесінің волонтерлері короновирустық инфекцияға қарсы вакцинация жүргізу туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын үнемі жүргізіп отыруы әдетке айналған. Маусым, шілде, тамыз айларында еріктілердің бастамасымен 80-нен астам шара өткізілген. Сондай ақ халық тығыз шоғырланған жерлерге вакцинация туралы түсіндірмелері бар парақшалар мен буклеттер де таратылған.

Облыстық жастар ресурстық орталығының «Jetysu_jastary» фейсбук, инстаграмм парақшаларына короновирустық инфекцияның алдын алу мақсатында арнайы дайындалған 27 афиша және 12 бейнеролик жарияланған. Волонтерлер халыққа жыл басынан бері 100 000-ға жуық бетперде таратып, игі істің бастамасына айналды. Яғни дәл қазір өршіп тұрған індеттің алдын алуда да еріктілер қалыс қалып жатқан жоқ.

«Birgemiz: Taza Alem» жалпыұлттық жобасын іске асыру бойынша 1280 экологиялық акция ұйымдастырылып, 42 000 түп ағаш отырғызылыпты. Еріктілердің бастамасымен «Жер сағаты» дүниежүзілік акциясы аясында наурыз және сәуір айларында жергілікті уақыт бойынша сағат 20.30-дан 21.30-ға дейін «Жер сағаты» халықаралық экологиялық акциясы өткізілген.

Сондай-ақ еріктілердің бастамасымен Алматы облысының аудандарында орналасқан ескерткіштерді тазалау, тарихи объектілерді сақтау бойынша жыл басынан 105 шара ұйымдастырылғанын да атап өту керек. Атап өтер болсақ, Ақсу ауданында І.Жансүгіров ескерткіші, Кеген ауданында Ереуілтөбе мемориалдық кешені, Қапшағай қаласында Даңқ аллеясы, Панфилов ауданында Бөлек батыр және тағы басқа ескерткіштердің маңайы еріктілердің күшімен қоқыстардан тазартылған. Үздік волонтерлік топ жетекшілерінің тәжірибе алмасуы мақсатында санитарлық эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, Қапшағай қаласы «Балдаурен» оқыту-сауықтыру орталығында 9-11 шілде күндері республикалық волонтерлер слеті де ұйымдастырылды. Еріктілердің ұйытқы болуымен ұйымдастырылып жатқан тағы бір игі шара ретінде Тәуелсіздіктің 30-жылдығы қарсаңында облыс көлемінде «30 жастар бастамасының» жүзеге асырылуын да атап өтуге болады. «Тәуелсіздік ұрпақтары» жобасына еріктілер белсене қатысып, ел есінде қалар, бастамаларға белсенді қатысуда. Сондықтан жер жаннаты Жетісу өңірінің жастары еріктілер ісінде де алда келе жатқаны қуантады.

3) **07.09.2021**
https://zanmedia.kz/68737/almaty-oblysynda%d2%93y-mektepterde-bilim-alushylardy%d2%a3-69-y-sportty%d2%9b-sektsiyalar%d2%93a-zh%d3%99ne-t%d2%afrli-%d2%afjirmelerge-barady/



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Өскелең ұрпақтың спорттық және шығармашылық әлеуетіне аса назар аудару қажет. Бұқаралық спортқа, дене тәрбиесіне және балаларға басымдық беру керек. Әр облыста, ірі аудан орталықтарында спорт үйірмелерін ашу қажет. «Балалар үйірмесі» қызметін қайта қалпына келтірген жөн. Онда жастарымыз қолөнердің және шығармашылықтың бастапқы негіздерімен танысар еді. Балалар үшін қатерлі бүгінгідей аумалы-төкпелі заманда олардың күш-жігері мен қызығушылығын дұрыс арнаға бағыттау аса маңызды. Балалар мемлекетіміздің болашағы емес пе?! Әкімдердің жұмысын осы өлшем бойынша да бағалаймыз» , – деген еді.

Бүгінде елімізде 3 212 қолданбалы шығармашылық үйірме, балаларға арналған әуесқой бірлестіктер мен клубтар жұмыс істейді. Соның ішінде ең көп үйірме Алматы облысында тіркелген.

Мұғалімдердің дәстүрлі тамыз конференциясында өткен мәліметтерге сүйенсек, Алматы облысында қосымша білім беретін 39 ұйым мен 29 сауықтыру лагерлері жұмыс істейді. Ал Облыстық білім басқармасының хабарлауынша, орта білім беретін мектептерде жұмыс істейтін 8280 спорттық секция мен үйірмелерге 295 мыңнан астам оқушы бос кездерінде қатысады. Бұл барлық оқушылардың 69%-ын құрайды. Жыл соңына дейін бұл көрсеткішті 73%-ға дейін жеткізу жоспарланып отыр. Ал, қазір балалардың аула клубтарында 8600-дан астам жасөспірім жаттығады. Сондай-ақ, 44 балалар мен жасөспірімдердің спорттық мектептерінде 38 828 бала жаттығады.

Сондай-ақ, спортпен айналысудың қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін биылдан бастап спорттық секцияларды қаржыландыру жан басымен есептеумен жүргізілетін болды. Оқушылардың санқырлы қажеттілігін қамтамасыз ету үшін, салауатты өмір салтын насихаттау үшін және денешынықтыру пәні мұғалімінің уақытты тиімді пайдалануы үшін мектептер ақысыз спорттық секциялар ұйымдастыруға міндетті. Атап айтқанда, мектепке дейінгі мекемелерде аптасына 2 сағат, мектептерде аптасына 3 сағат, техникалық және кәсіби білім беру мекемелерінде аптасына 4 сағат спорттық секция тегін жұмыс істеуі керек.

Шындығында, жастар – бұл болашақтың «мәңгі қозғалтқыш күші». Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап-ақ білім, денсаулық, жаңа ақпараттық технологияларға қолжетімділік, кәсіби және жеке бәсекеге қабілеттілік, патриоттық тәрбие, жас ұрпақтың табысты әлеуметтену мәселелері Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың әрдайым назарында болып келді және болып қала береді. Сондықтан да Қазақстанның болашаққа барар жолы жастарымыздың даму деңгейіне, олардың мүмкіндіктері мен құндылықтарға ұмтылысына, мемлекеттің экономикалық, саяси және қоғамдық өміріне қатысу дәрежесіне тікелей байланысты. Ал бұл бағыттағы үйірмелер балалардың бос уақытын тиімді өткізуін ұйымдастырып, қабілетін шыңдай түспек. Бастысы, әрбір баланы саналы азамат ретінде қалыптастыру жолында қызмет етеді.

4) **14.09.2021**

https://zanmedia.kz/68795/zhetisuly%d2%9b-zhastardy%d2%a3-%d3%99rbir-%d2%b1synysy-%d2%aflken-%d2%9boldau%d2%93a-ie/

АЙМАҚТАР | РЕГИОНЫ ЖАҢАЛЫҚТАР | НОВОСТИ

Жетісулық жастардың әрбір ұсынысы үлкен қолдауға ие!

14.09.2021 | 0 | 53

Жастарды қолдау – мемлекеттік саясаттың маңызды бір тармағы. Атап айтқанда, жастарды жан-жақты қолдау, оның ішінде білім беру, жұмыспен қамту, денсаулық сақтау, қолжетімді баспана, кәсіпкерлік қызметті дамыту, жас отбасыларды қолдау, патриоттық сезімді нығайту, талантты жастарды қолдау, жастардың бос уақытын ұйымдастыру жұмыстарының маңызы зор!
Осы орайда Алматы облысында NEET санатындағы жастарды, жас ғалымдар мен стартап-жобаларды қолдауға бағытталған кешенді іс-шаралар жоспарланған. Сондай-ақ мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жолдауында NEET санатындағы жастар және олардың санын азайту туралы атап өткені есте.

Осы бағытта облыс тарапынан «Жастарды жұмысқа орналастыру және кәсіпкерлік қызметті дамыту үшін жағдай жасау. NEET санатындағы жастармен жұмыс» бағытында жұмыспен қамту органдары арқылы жастарды жұмыспен қамту және олардың еңбек нарығында қабілеттілігін арттыру жұмыстары жалғастырылуда. Мемлекеттік қолдау шаралары аясында облыстағы жастар жұмыссыздығы оң көрсеткіштерге қол жеткізуде. «Еңбек» бағдарламасы аясында жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін қысқарту, жұмыспен қамту үшін жағдай жасау және жастардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Алматы облысында «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша 2021 жылдың бірінші жарты жылдығында 436 жас маманға тұрғын үй сатып алу үшін жалпы сомасы 1,9 млрд.теңге бөлінген. Статистиканы сөйлетер болсақ бұл бір маманға – 4 375 500 мың теңге, яғни 1500 АЕК жеңілдетілген несие алған. 739 жас маман 215,5 млн. теңгеге, яғни бір маманға – 291 700 мың теңге, 100 АЕК көтерме

жәрдемақы алған. Жастарды қолдауда мұндай қаржылық қолдаудың маңызы зор екенін ескеріп, алдағы уақытта да бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын таба бермек.

Сондай-ақ ағымдағы жылы тұрғын үй сатып алу үшін 565 маманға 2,4 млрд.теңге, көтерме жәрдемақы 828 маманға 241,5 млн.теңге бөлінген.

Жастар еңбек жасақтарын ұйымдастыру тәжірибесі де жалғасуда. «Жасыл ел» жобасы шеңберінде ағымдағы жылы 1883 жасақшы еңбекпен қамтылса, қыркүйек айының соңына дейін тағы да 117 жасты маусымдық жұмыспен қамту көзделген.

«Бизнестің жол картасы – 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жас кәсіпкерлердің жаңа бизнес-идеяларын жүзеге асыру мақсатында 2020-2021 жылдары жастардың 85 стартап-жобаларын іске асыруға жалпы сомасы 190 млн.теңгеге мемлекеттік грант бөлініпті. Алдағы уақытта да NEET санатындағы жастармен жұмыс жүргізу маңыздылығын ескере отырып, бірқатар шаралар жүргізу жоспарлануда.

Жалпы, NEET ұғымы жастардың еңбектен, білімнен, әлеуметтік белсенділіктен өз еркімен немесе түрлі себептермен бас тартуын білдіреді.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша 2021 жылдың 2 тоқсанына Алматы облысында NEET санатындағы жастар саны 7,0%-ды құрап отыр. Бұл 15-28 жас аралығындағы жастар арасынан 24 900 адам және 358 126 адам. Олар білім беру және еңбек қызметіне тартылмаған деуге болады.

Осыған орай, аудан, қала және әр ауылдық округ бөлігінде NEET санатындағы жастар туралы толық мәліметтер базасын жинақтау жұмыстары жүргізілуде.

Мысалы, облысқа және Алматы қаласына жақын орналасқан ауылдардың базарларында уақытша және мезгілдік жұмыстарға қамтылған жастардың саны анықталмаған. Сонымен қатар, белгілі бір себептермен оқуға түсе алмай қалған және өзін өзі жұмыспен қамтыған жастар бар. Нәтижесінде, осы жастар NEET санатына еніп отыр.

Осы орайда, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі жанындағы «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы арнайы әдіснама әзірледі. Нәтижесінде, «NEET – жастар «Деректер базасы» ақпараттық жүйесі іске қосылып, әр жаспен жеке жұмыс жүргізіліп, әлеуметтендіру, қоғамға бейімдеу шаралары күшейтілуде.

Сонымен қатар, осы санаттағы жастармен жұмысты жетілдіру мақсатында облыста арнайы жұмысшы тобын құру жоспарлануда. Демек жастардың бос уақытын қоғам игілігі үшін тиімді қолдану бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын таппақ.

5) **15.09.2021**
https://zanmedia.kz/68790/zhetisu-%d3%a9%d2%a3irinde-zhastar-ortaly%d2%9btary-k%d3%a9bejip-keledi/



Қоғамның қалыптасуы мен мемлекеттің өркениеттілігін арттыру үшін ондағы адамдардың, әсіресе жастардың рухани тұрғыдан жетілген болуына баса назар аударылады. Олай болса, біздің еліміздің болашағы болатын жастардың белсенділігі қандай бағытта дамуы керектігі өзекті мәселелердің бірі екені даусыз. Осы орайда айта кетсек, Алматы облысы жергілікті басқарушы орындарының жастарды қолдау бағытындағы жұмыстары ауыз толтырып айтарлықтай деңгейде деуге болады.

Жалпы Алматы облысында биылғы жылы 14 пен 29 жас аралығындағы жастардың саны 419 826 адамды құрап отыр. Оның ішінде ауылдық жерлерде – 334 222 адам, яғни жалпы Алматы облысы жастарының 79,6% ауылдық жерлерде тұрады. Ал қалада – 85 604 адам, немесе 20,4% қалалық жастар. Алматы облысының әкімі Амандық Баталов жастарға ерекше сенім білдіріп, олардың идеяларын үнемі қолдап отыратындығымен ерекшеленеді. Атап айтқанда, 2016 жылы республикада баламасы жоқ Жастарға қызмет көрсету орталығы жастардың игілігіне берілді. Қызметі алуан түрлі орталық жастардың дамуы үшін үздіксіз жұмыс істеуде. Сондай-ақ облыста барлығы 21 Жастар ресурстық орталығы бар, оның ішінде: 1 облыстық, 3 қалалық және 17 аудандық жастар ресурстық орталығы жұмыс істейді. Ауылдық жерлерде бүгінгі күні 253 жас нұсқаушы жұмыс істейді. Жастар секторындағы қызметкерлердің жалпы саны 500 адамнан асады.

Сондай-ақ, ағымдағы жылы Текелі қаласында Жастарға қызмет көрсету орталығының құрылысы басталды. Кеген ауданы және Қаскелең қаласында да

жастарға арналған ғимарат салуға мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды. Демек алдағы уақытта аталмыш өңірлерде жастарға арналған әмбебап орталық бой көтереді. Сонымен қатар, 7 ауданда Ақсу, Балқаш, Ескелді, Қаратал, Кербұлақ, Сарқан, Райымбек аудандарының да жастар ғимараттарының құрылысына құжаттар әзірленуде. Осы аталған бастамалардың барлығы облыс әкімі А. Баталовтың қолдауымен жүзеге асырылуда. Тікелей жастармен жұмыс істеп, жастардың идеясын ұштауды, қиялына қанат бітіріп, қолдауды жүзеге асыратын мұндай орталықтардың маңызы зор екенін ескерсек, өңірді жастар орталықтарымен қамтамасыз етуді жолға қойған әкімнің көрегенділігі көңіл қуантады.